

2-МОДУЛЬ. ҚАЗАҚСТАН ЖЕРІНДЕГІ ҚОЛА ҒАСЫРЫ (б.з.б ХҮІІІ-ІХ ғғ.).

1. 6 тақырып. Қола дәуіріне тән ескерткіштер: Андронов және Беғазы-дәндібай мәдениеттері.

2. Лекцияның мақсаты мен міндеттері: Қазақстан территориясындағы зерттелген қола дәуірінің мәдени ескерткіштері Андронов және Беғазы-дәндібай мәдениеттері туралы түсіндіру, талқылау, талдау жасау.

3. Лекция мазмұны. Андрон мәдениеті. Қола дәуірінде Қазақстан даласын, Оңтүстік Сібірді және Орал аймағын шығу тегі бір, өзіндік мәдениеті бар тайпалар мекендеді. Бұл тайпалардан елді мекендер, таспен қаланған қабірлер, кеніштер мен жартас бетіне салынған суреттер сияқты археологиялық ескерткіштер қалған. Мұндай алғашқы ескерткіштің бірі 1914 жылы Оңтүстік Сібірдегі Ачинск қаласының маңындағы Андронов селосынан табылды. Осыған байланысты бұл жердегі өмір сүрген адамдар – «андрондықтар», ал мәдениет – «андрон мәдениеті» деген атау алды. Бұл жердегі қазба жұмыстарын 1913 жылдан археолог Б.В.Андрианов жүргізген. Өздерінің антропологиялық сипаты жағынан андрондықтар еуропалық нәсілге ұқсаса, тілдері – үнді-ирандық болып табылады. Олардың бойы орташа, беті жалпақ, маңдайы тайқылау болып келген.

Андрон мәдениеті Еуропа мен Азиядағы ең ірі қола дәуірі мәдениеттерінің бірі болып саналады. Себебі, бұл мәдениеттің ескерткіштері шығыста Минусинск қазан шұңқырынан батыстағы Орал тауларына дейінгі, ал солтүстігінде Батыс Сібір жазығынан – оңтүстігінде Памир тауларына дейінгі өте үлкен аймақты алып жатыр.

Зерттеушілердің көпшілігі андрон мәдениетін 3 кезеңге бөледі:

- 1) Ерте қола кезеңі (Федоров) – б.з.б. ХVІІІ-ХVІ ғғ.
- 2) Орта қола кезеңі (Алакөл) – б.з.б. ХV-ХІІІ ғғ.
- 3) Кейінгі қола кезеңі (Замараев) – б.з.б. ХІІ-VІІІ ғғ.

Бұл кезеңдер алғашқы зерттелген ескерткіштердің атына сәйкес Федоров, Алакөл, Замараев деп аталады. Андрон мәдениетін зерттеуші қазақстандық ғалымдар - Ә.Х.Марғұлан, К.А.Ақышев, А.Г.Максимова, С.С.Черников, Ә.М. Оразбаев тағы басқалар.

Андрон мәдениетінің негізгі ошағы – Орталық Қазақстан аймағы. Бүгінгі күні ғалымдар бұл өңірден қола дәуіріне жататын 30-дан аса елді мекен мен 150-дей қорымды қазып зерттеді. Олардың қатарына Бөрібас, Алғабас, Атасу, Беғазы,

Талды, Ақмая, Обалы, Бесоба, Дәндібай ескерткіштері жатады. Археологтар Солтүстік және Батыс Қазақстаннан 80-нен аса Андрон мәдениетінің ескерткіштерін ашты. Олардың ішінде ғылымға кеңінен танымал Алексеевка, Ұралысай, Тастыбұлақ елді мекендерімен қатар Қостанай мен Челябинь облыстарының түйіскен жерінде, көне қалалардың негізі болып саналатын ежелгі қала - Арқайым табылды. 1927 жылы Батыс Қазақстаннан андрон мәдениетінің ескерткіштерін археолог М.П.Грязнов ашты. Батыс аймақтың ескерткіштеріне дөңгеленіп келген тас қоршаулар мен қорғандар тән. Есіл өңіріндегі Петровка, Боголюбово төңірегіндегі елді мекендер ормен және топырақтан соғылған дуалмен қоршалып, дуалға арба сиятындай ағаштан есік орнатылған.

Шығыс Қазақстаннан қола дәуіріне жататын 10 шақты елді мекендер мен қабірлер ашылып зерттелді. Бұлардың салынуына мыс, қалайы және алтын сияқты кен орындары үлкен әсер еткен. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде Таңбалытас пен Қаратау жартастарынан табылған суреттер бұл аймақты да қола дәуірінде адамдар мекендегенін білдіреді. Бұл өңірде Арал теңізінің шығыс жағындағы қола дәуірі ескерткіштері жақсы зерттелген. Соның бірі – Сырдарияның төменгі ағысындағы, қола дәуірінің соңғы кезеңіне жататын - Түгіскен кесенесі (мазары). Кесене күйдірілмеген кірпіштен салынған. Оның ішіндегі айналма дәліздер мен тамның ортасына ыдыстар, қоладан жасалған құралдар мен қарулар, алтын әшекейлер қойылған. Өлген адамның мәйітін ортаңғы бөлмеге жатқызып өртеген. Бұдан қола дәуірінде өлікті өртеу (кремация) дәстүрі болғанын байқаймыз.

2. Беғазы-Дәндібай мәдениеті. Қола дәуірінің кейінгі кезеңінде Қазақстанның орталық аймағын мекендеген адамдардың өзіне тән жаңа мәдениеті болған. Орталық Қазақстанда көп жылдар бойы археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізген академик Әлкей Хақанұлы Марғұлан қола дәуірінің кейінгі кезеңінің өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, оны «Беғазы-Дәндібай мәдениеті» деп атады. Оның хронологиялық мерзімі б.з.б. XII-VIII ғасырларды қамтиды. Бұл атау Орталық Қазақстандағы Беғазы және Дәндібай мекеніндегі обаларға байланысты қойылған. Бұл мәдениетке Беғазы, Бұғылы, Саңғыру, Айбас және Дәндібай ескерткіштері жатады. Аталған ескерткіштерден табылған заттар қола дәуірінен темір дәуіріне ауысатын өтпелі кезеңді көрсетеді. Осы мәдениетке жататын үйлердің, жерлеу орындарының құрылыстары өте ірілігімен, тас қашау өнерінің жетілгендігімен ерекшеленеді. Әдетте, үйлердің қабырғалары ірі тастардан қаланып, балшықпен сыланған. Ішкі және сыртқы

беттеріне тастың тегіс жағы қаратылған. Беғазы-Дәндібай мәдениетіне жататын жерлеу орындарының көпшілігі – оба түрінде кездеседі. Беғазы-Дәндібай мәдениеті ескерткіштерінің андрондық қорғандардан ерекшелігі обалары биіктеу болып келеді және ұсақ қиыршық тастар мен топырақтан тұрғызылып, етегі үлкен қақпатастармен бекітілген. Бұл мәдениетке жататын қыш құмыралардың ернеуі тік, бүйірі шығыңқы, түбі тегіс болып, әр түрлі өрнекпен безендірілген. Құмыраларда тарак жүзді, үзік сызықты және ұшбұрышты өрнектер көп кездеседі.

Қола дәуірін жоспарлы зерттеу 1946 жылы басталды. Сол жылы қазақтың біртуар ғалымы, академик Ә.Х.Марғұланның жетекшілігімен көне дәуір тарихын зерттейтін археологиялық экспедиция құрылды. Осы экспедиция зерттеулері нәтижесінде Қазақстан жеріндегі қола дәуірі ескерткіштерінің сыры ашылды.

Дәндібай-Беғазы заманындағы (б.з.б X-VIII ғасырлар) тайпалар мәдениетінің дамуы бірінен кейін бірі келетін үш кезеңге: өтпелі, дамыған және соңғы кезеңдерге бөлінеді.

Атасу заманынан Дәндібай-Беғазы заманына дейінгі өтпелі кезең Атасу өзенінен Ертіске дейінгі байтақ далада таралған көптеген ескерткіштермен сипатталады. Олардың қатарына Ақсу-Аюлы-2, Ортау-2, Байбала-2, Бесоба, Бұғылы-3 кешендері жатады. Бұл ескерткіштерге, бір жағынан, Андроновтық дәстүрлердің сақталуы, екінші жағынан, мәдениеттің жаңа элементтерінің: тұрпаты ерекше бейіт тамдардың, жатаған, домалақ ыдыстардың пайда болуы тән. Жерлеу ғұрпы да Андронов мәдениетіне тән емес. Әдеттегі бүктетілген қаңқалармен қатар аяқтарын созып, шалқасынан жатқызылған қаңқаларда кездеседі. Мұндай жерлеу ғұрпы кейінгі, ерте темір дәуірінде Қазақстан аумағында тұрған малшы тайпаларда кеңінен тараған.

Соңғы қола дәуірінің өтпелі кезеңін, яғни алдыңғы Беғазы дәуірін Ақсу-Аюлы-2 (Қарағанды қаласының оңтүстігіне таман) жерлеу кешені бәрінен де гөрі толық сипаттайды. Бұл кешен біріне-бірі ұқсас төбешік обалардан құралған; обалардың етегі қырынан қазылып орнатылған ірі гранит тақталармен айнала белдеуленген. Бұлар патриархаттық-әлеуметтік қауымдардың рулық бейіттері емес, патриархаттық рулық қоғамның неғұрлым көрнекті мүшелерінің қабірлері. Ішкі құрылыстары ауқымды мұндай бейіттер тұрпатының пайда болуы соңғы Андронов дәуірінде (б.з.б. XIII-XI ғасырлар) мүлік теңсіздігінің шығуы нәтижесінде Орталық Қазақстан тайпаларында байқалған өндірістерді көрсетеді.

Ақсу-Аюлы-2 кешеніндегі ең үпкен обаның биіктігі 2 метр, диаметрі 30 метр. Үйіндінің астынан бір-біріне жалғасқан төрт тас құрлыс: үш қоршау және

үлкен-үлкен төрт тақта тастан жасалған шомбал тас жәшік шықты. Бірінші, сыртқы қоршау қырынан қазылып орнатылған ірі гранит тақталардан құралыпты. Екінші қоршау әдейі іріктелген тік бұрышты тақталардан көлденең қалау техникасы арқылы салынған. Қалау сол кездегі жердің бетінен басталыпты. Дуалдардың төменгі жағы тіп-тік, ал жоғарғы жағы аздап ішке қарай иілген. Бұл-соңғы қола дәуіріндегі құрылыс техникасына тән әдіс; мұнда артылта қалау арқылы жалған күмбез жасау шешімінің бастамасы көрінеді. Үшінші кіші қоршау екіншісіне жалғастырылған. Ол тік бұрышты түрде салыныпты, бұрыштары иілген. Екінші қоршау сияқты, бұл қоршау да эллипс бітімдес. Оның батыс және шығыс дуалдарының маңдайшасына қосымша бір-бір үлкен тақта орнатылған. Құрылыс төбесінің негізгі салмағы осы тақталарға түсірілген.

Қола дәуірінің тайпалары табиғат күштеріне табынған. Жерленген адамның басы батысқа немесе оңтүстік-батысқа қаратылып, қол-аяғы бүгіп жатқызылған. Бұл жер-ана құшағына барған сәби қалпындағы адам түсінігін берген. Өлікті матаушы ажал құдайы Ямаға сыйынған. Ерте қола дәуірінде жерлеу салтында кремация, яғни мәйітті өртеу басым болған. Бұдан андроновтықтардың отқа табынғанын байқаймыз. Кейінгі қола дәуірінде жерлеудің кесенемен бірге өртеу түрі болған. Үй құрылысы да құрбандық шалудан басталған.

Құрбандыққа сүт толы ыдыстар, бұқа не бағлан шалынған. Сүт ішіліп, ет желініп болған соң, құмыралар мен сүйектер болашақ үйдің ошағының басына, оның табалдырығының астына көмілген. Үйдің ошағы отбасының киелі орны есебінде қатты құрметтелген. От пен күлге байланысты жөн-жоралғылардың бәрі құдайдың рақым-шапағатымен денсаулық, отбасының амандығын, құт-береке болса деген тілекпен жасалған. Мәйітті көкке әкететін от құдайы — Агнияға арнап құрбандыққа ешкі сойған. Қола дәуірінің соңына қарай күнге, айға және жұлдыздарға табынған. Ата-баба аруағына сиыну және о дүниеге сену кең тарады. Қола дәуірінің жартастар бетіне салынған суреттерінің өзіндік ерекшеліктері бар, ертедегі адамдар жартастардың тегіс бетіне қатты да үшкір тас сынықтарымен жануарлар, Күн бейнелі адамдар суретін, соғыс арбалары мен шайқас көріністерін салған. Бұл — адамның рухани мәдениеті және оның дүниетанымы жөніндегі аса бағалы хабарлар бастауы болып табылады. Қазақстан — жартастағы суреттер-петроглифтердің саны мен әралуандығы жөнінен әлемдегі ең бай жерлердің бірі. Осындай суреттер көп табылған Таңбалы, Ешкіөлмес, Қаратау, Маймақ, Тарбағатай, Бөкентау аймақтары дүниежүзілік мәдениеттің қорына қосылады.

Қола дәуіріндегі адамдардың діні мен өнері. Қола дәуірінің тайпалары табиғат күштері: күнге, айға, отқа және жұлдыздарға табынды. Олар өлген

адамдарды жерлегенде басын батысқа немесе оңтүстік-батысқа қаратып, қол-аяғын бүгіп жатқызған. Бұл жер ана құшағына барған сәби қалпындағы адам түсінігін береді. Олар «өлікті матаушы» ажал құдайы Ямаға сиынып, оны қолына жіп ұстап тұрған қалпында бейнелеген. Ерте қола дәуірінің жерлеу салтында кремация, яғни мәйітті өртеу басым болды. Андрондықтар отқа табынып, мәйітті көкке алып кететін от құдайы - Агнияға арнап құрбандыққа ешкі сойған. Кейінгі қола дәуірінде жерлеудің кесенемен бірге өртеу түрі кездеседі. Өлікті өртеу ғұрпын олар табиғаттың жаңару заңдылығы, жаңа өмірге көшу деп түсінді.

Қола дәуірі адамдарының ойлау қабілеті мифтік дәрежеде болды. Дүниені жарату жөніндегі мифтерде әлем - күн құдайы Митраға арнап құрбандыққа шалынған бұқаның мүшелерінен жаратылған делінеді. Сондықтан күн құдайы Митра бұқамен бірдей саналған. Бұқаның бейнесі молшылық, құдіреттілік пен күштің белгісі болып табылады. Адамдар құдайларға жалына құрбандық шалып, ерекше рәсімдер өткізіп отырды. Мұндай рәсімдер тау шатқалдарында, қасиетті бұлақтар мен өзен бойларында жасалды. Андрондықтар үй құрылысын салуды құрбандық шалудан бастаған. Құрбандыққа сүт толы ыдыстар қойылып, бұқа немесе қой шалынды. Сүт ішіліп, етті жеп болған соң құмыралар мен сүйектерді салынатын үйдің ошағының қасындағы тіреуіш діңгектің немесе табалдырықтың астына көмді. Тіреуіш діңгек адамдарды «көкпен жалғастырып тұратын белгі» саналып, құрметті орын болып есептелген. Оны мереке күндері гүлмен көмкерді. Үйлену тойы кезінде оның түбінде күйеу мен қалыңдық отырса, жәй күндері бұл құрметті орында ақсақалдар отырған. Сонымен қатар оларда қасиетті орын ретінде үйдің ошағы қатты құрметтелді. От пен күлге байланысты ырымдардың бәрі құдайдың рақым-шапағаты тиіп денсаулық, отбасының амандығы, құт-береке болса деген тілекпен жасалған.

Андрондықтарда өнердің дамуына дін ықпал етуге байланысты құдайлардың тас мүсіндері аса бір шынайылықпен және көркем шеберлікпен жасалған. Қола дәуірінде жартас бетіне салынған суреттердің өзіндік ерекшеліктері болды. Олар жартас бетіне үшкір тас сынықтарымен жануарлар, күн бейнелі адамдар суретін, соғыс арбалары мен шайқас көріністерін қашап салған. Бұл – адамның рухани мәдениеті мен дүниетанымын білдіретін аса маңызды деректер жиынтығы болып табылады. Қазақстан тасқа салынған суреттердің (петроглифтер) саны мен түрі жөнінен әлемдегі ең бай өлкенің бірі. Осындай суреттер көп табылған Таңбалы, Ешкіөлмес, Қаратау, Маймақ, Тарбағатай, Бөкентау аймақтары дүниежүзілік мәдениеттің қорына қосылған. Жартастарға салынған суреттер – андрондықтардың өздерін қоршаған дүние туралы түсініктерінің көрінісі еді.

Жабайы бұқа, қос өркешті түйе (бактриан) бейнелері андрондықтардың тасқа қашап салған суреттерінде жиі кездеседі. Сонымен қатар қола дәуіріндегі петроглифтерде екі аяқты арбаны бейнелеу кең тараған. Қаратаудағы жартасқа салынған суреттердің ішінде 49 арбаның суреті бар. Суреттердің көбінде ат немесе түйе жегілген, аңшылыққа арналған жеңіл, екі дөңгелекті әскери арбалар салынған. Андрондықтар түсінігінше бүкіл құдайлар аспанда ат жегілген екі аяқты арбамен жүреді деп сенді.

Қола дәуірінде Қазақстанды мекендеген адамдар зергерлік өнер туындыларын қалдырды. Андрондық сәндік бұйымдардың ішінде жиі кездесетіні - екі жағы бірігіп келген сақина тәріздес дөңгелек сырғалар. Оларды мыстан жасап, алтынмен қаптап, түкті терімен ысқылады. Б.з.б. II мыңжылдықта Қазақстанда сәндік бұйымдар жасау өнерінің даму дәрежесі жоғары болғандығына Орталық Қазақстанның Айбас сағасындағы Алакөл қабірінен табылған түтік тәрізді алтын білезік пен Шығыс Жетісудағы Мыңшұңқыр қабірінен табылған аң стиліндегі екі алтын сырға дәлел бола алады. Қола дәуірі мәдениетінің гүлденуі Жерорта теңізі және Кіші Азия мәдениеті мен экономикалық қатынастардың нәтижесіне байланысты болды.

Қола дәуіріндегі экономикалық басты-басты екі бағыттағы: мал шаруашылығы мен металл өңдеу кәсібінің тез дамуы, ең алдымен еркектердің еңбегін қажет етті. Мұның өзі қоғамда еркектер рөлінің күшебне әкелді. Сөйтіп, аналық рудың орнына аталық ру (патриархат) пайда болды. Қоғамдық өмірдегі ірі өзгерістер өндірістік күштердің өсуіне, қоғамдық еңбектің мамандануына, патриархаттық қатынастың дамуына байланысты еді. Жеке отбасылар бөлініп оқшауланды, меншік ұлғайып кеңейді, рулық қауым ішінде мүлік теңсіздігі көрініс бере бастады.

Қола дәуірінде Сібірдің, Қазақстанның және Орта Азияның кең-байтақ далаларын тегі және тарихи тағдырының ортақтығы жағынан туыс тайпалар мекендеді. Бұл тайпалар бір үлгідегі, бір-біріне ұқсас мәдениет қалдырды. Олар қалдырған ескерткіштердің табылған жері Сібірдегі Ачинск маңындағы Андронов селосының атымен ғылымда шартты түрде «Андронов мәдениеті» деп аталды.

Андронов мәдениетінің негізгі орталықтарының бірі-Қазақстан жері Археологиялық деректерге қарағанда, Андронов мәдениеті дәуірінде халық- тың басым көпшілігі отырықшылықта өмір сүрген. Өзендердің, көлдердің жағасындағы жайылымы мол жерлерге орналасқан патриархаттық отбасылардың үйлері мен үлкен жер төбелері болған. Олардың жанынан әр түрлі шаруашылық

жайлар мен мал қамайтын орындар салынған. Өйткені, бұл кезде мал бағу кәсібі басымырақ еді. Тайпалар малшылық-егіншілікпен аралас шұғылданды.

Андронов мәдениеті дәуірінде адамдар металдан еңбек құралдарын, қарулар және сәндік заттар жасауды жақсы білген. Олар түбі шығыңқы балталар, сағасында ойығы бар пышақтар, балға, шоттар, найзалар мен жебелердің өзгеше ұштары, білезіктер, айналар, моншақтар және әр түрлі ілмешектер, егінді оратын орақ, пішенді шабатын шалғы сияқты құралдарды өздері жасап күнделікті тұрмыста кеңінен қолданды.

Андронов мәдениетінің алғашқы ескерткіштерін 1914 жылы А.Я. Тугаринов ашты. Содан бергі өткен уақыт ішінде Кеңес елінде, сонымен бірге Қазақстанда бұл мәдениетке қатысты орасан көп археологиялық материалдар жиналды. Андронов мәдениеті қола дәуірінің алғашқы кезеңін (б.з.б. XVIII-XVI ғасырлар) және орта кезеңін (б.з.б. XV-X ғасырлар) түгелдей қамтиды.

Орталық Қазақстанда қола дәуірінің соңғы кезеңінде (б.з.б. X-XIII ғасырлар) Андронов мәдениетімен салыстырғанда анағұрлым жоғары Дәндібай-Беғазы мәдениеті болғанын білеміз. Ол Қарағанды қаласы маңындағы Дәндібай ауылында және Балқаштың солтүстік төңірегіндегі Беғазы қойнауында қола ескерткіштерінің алғашқы қазылған жаріне қарай аталған. ДәндібаБеғазы мәдениеті Атасу өзенінен Ертіске дейінгі байтақ даладан табылған көптеген ескерткіштерімен сипатталады. Олардың қатарына Ақсу-Аюлы-2, Ортау-2, Байбала-2, Бесоба, Бұғылы-3, кешендері жатады. Бұл ескерткіштерге тән нәрсе, бір жағынан Андроновтық дәстүрлердің сақталуы, екінші жағынан, мәдениеттің жаңа элементтерінің, тұрпаты ерекше бәйгіткік тамдардың, жатаған, домалақ ыдыстардың пайда болуы. Жерлеу ғұрпы да Андронов мәдениетіне тән емес. Әдеттегі бүктелген қаңқалармен қатар аяқтарын созып, шалқасынан жатқызылған қаңқалар да кездеседі. Мұндай жерлеу ғұрпы кейінгі ерте темір дәуірінде Қазақстан жерінде тұрған малшы тайпаларда кеңінен тараған.

Беғазы мәдениеті дәуірінде дерленгендерден мүлік теңсіздігінің болғанын да байқаймыз. Басына обалар жасалып, оның айналасы ірі гранит тақталармен белдеуленген молалар да кездеседі. Бұл патриархаттық-рулық қоғамның көрнекті мүшелерінің қабырлары. Тағы малдарды, жануарларды қолға үйрету көшпелілер қоғамы дамуының заңды кезеңі.

Қазақстан жерінде мал шаруашылығымен қатар неолит дәуірінен бастап егіншілік дамыған. Мәселен, Усь-Нарым қонысында (Шығыс Қазақстан) табылған қыстырма орақтар егіншіліктің болғанын көрсетеді. Тастан астық үтетін құралдар: астық түйгіштер, тоқпашалар, келілер, келсаптар жасалған. Егін

жинауда алғашқы кезде пышақ пайдаланылған болса, соңғы қола дәуірінде әр түрлі қола және мыс орақ, шалғы қолданылады. Алқаптарда негізінен бидай, қарабидай, тары егілген.

Қола дәуірінде адам қоғамының өндіргіш күштерінің дамуына мал өсіру және егін егумен қатар әр түрлі рудаларды өндіру, тас пен сүйекті пайдалану аса маңызды роль атқарған. Оған Қазақстан жеріндегі мыстың, қалайының және алтынның бай кендерінің болуы қолайлы жағдай жасаған. Қола дәуірінде Қазақстан жерінде мекен еткен тайпалардың қоныс жайларын анықтау мақсатында бірнеше қазба жұмыстары жүргізілді. Солардың нәтижесі көрсеткеніндей, әдетте қоныс өзендердің жағасында, жайылымы мол мүйісте, көлдің маңына орналасқан. Қоныстар 6-10 үйден 20 үйден тұрды. Өзен жағасында олар бір немесе екі қатар болып тізілген. Мүйістегі үйлердің ортасынан кең алаң-қотан қалдырылған. Тұрғын үйлердің аумағы кең 100 шаршы метрден 300-400 метрге дейін жеткен.

Қола дәуірінде Қазақстан жеріндегі тайпалардың өмірге керекті және үй тұрмысына қажетті заттарды істеп шығара бастағанын байқаймыз. Мал шаруашылығы адамдарды тек тамақтандырып қана қойған жоқ, сонымен қатар киім-кешекпен және аяқ киіммен де қамтамасыз етті. Сойған малдың жүнін түтіп, оны иіріп киім етіп қию үшін жаңадан ұршық және қарапайым тоқыма станогі пайда болды. Бұлар бірнеше қазбалардан табылды. Мұның өзі сол тұста қазақ даласындағы үлкен жетістік еді. Адамдар малдың терісін өңдеп, үстіне тон, басына тымақ, аяғына киім етіп киетін болды. Жүн киімдер қойдың биязы жүні мен ешкінің түбітінен тоқылды.

Қоныстарды мекендеушілерге керамика ыдыстарын жасау кеңінен дамыған. Оның бәрі шаруашылық пен тұрмыста пайдалануға арналды. Бұл тұстағы құмыра жасаушылардың көбі әйелдер екен. Күйдірген балшықтан ыдыс-аяқтардың бірнеше түрі жасалған. Ыдыстарға әшекейлеп өрнек салынған. Соңғы қола дәуіріндегі құмыралардың дені иіні дөңгелек, бүйірі шығыңқы болып жасалынды.

Қола дәуіріндегі тайпалар жауынгерлік қару жасап, оларды үнемі жетілдіріп отырған. Ол кездегі негізгі қарулар найза, күрзі, дүмі шығыңқы балта, шот. Кейбір жауынгерлердің қанжарлары болған.

Қоғамда азық-түліктің көбеюіне байланысты артық заттарды айырбастау, осындай айырбас сауда барысында байлықтың қорлануы етек ала бастайды. Мал шаруашылығының қарқынды дамуы қоғамдық алғашқы ірі еңбек бөлісін туғызды, басқалардан өз алдына бақташылар бөлініп шықты. Сол сияқты

егіншілік кәсіпте біраз өзгерістер болады. Өңделіп егілген жерлердің көлемі өседі. Бұл өзгерістер қоғамдық еңбекте үлкен бөлінуді туғызып, патриархаттық қатынастар патриархаттық-рулық қатынастармен ауыса бастады.

Патриархаттық отбасылық қауымның бірнеше сатыдан өткенін айту керек. Ерте кезде мұндай қауымдар әке жағынан туыс адамдардың төрт-бес ұрпағынан құралады және аумағы 200 шаршы метрдей, немесе одан да кең үлкен үйлерде бірге өмір сүрді. Әрбір патриархаттық-рулық қоныс-мекен осындай бірнеше үйлерден құралатын еді.

Отбасылық қауым отбасылық-өндірістік ұжым болды, ал ұжымдық еңбек тұсында өндіріс құрал-жабдықтары мен өндірілген өнім ортақ меншікке айналды.

Кейін, әсіресе соңғы қола дәуірінде кейбір материалдық жағынан күшейіп алған патриархаттық қауымдар барған сайын оқшаулана түсті. Мұның өзі алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауына, отбасылық меншіктің пайда болуына әкелді. Ол туралы кейінгі тақырыптарда айтылады.

4. Оқытудың техникалық құралдары: интерактивті тақта, слайдтар, презентациялар.

5. Лекцияның оқыту әдістері мен түрлері: шолу лекция, проблемалық оқыту технологиясы.

6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (1-деңгей, 2-деңгей, 3-деңгей сұрақтарымен беріледі) және оларды бағалаудағы ұпайдардың үлестірілуі:

1-деңгейдің сұрақтары:

1. Тарих ғылымында андрон мәдениетінің пайда болуы туралы қандай болжамдар бар?
2. Андрондықтардың этникалық шығу тегіне қатысты қандай болжамдар бар?

2-деңгейдің сұрақтары:

1. Далалық қола дамуының үш кезеңін кім көрсетті?
2. Қазақстанның қай аймақтарын ежелгі металлургияның орталықтары деп атайды?

3-деңгейдің сұрақтары:

1. Беғазы-Дәндібай мәдениетінің өмір сүрген уақытын атаңыз?
2. б.з.д. X ғ. жерлеудің қандай дәстүрі қалыптасты?
3. Андрон тайпаларында отқа табынушылықтың болғанына не дәлел?

7. СӨЖ және ОСӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайдардың үлестері: Беғазы-Дәндібай және Андронов мәдениеті тайпаларының территориясын анықтап, контурлық картаға түсіру.

8. Пайдаланылатын әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К. Древняя культура Центрального Казахстана. – А-А., 1966.
2. Ахинжанов С.М. Макарова О.А. К истории скотоводства и охоты в Казахстане. А-А., 1992.
3. Ткачев А.А. Культура населения Центрального Казахстана в эпоху развитой бронзы. Автореф.... – М., 1991.
4. Варфоломеев В.В. Сарыарка в конце эпохи бронзы. Автореф. ... – АА., 1991.
5. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық, 1 том. Алматы, 1996.
6. Алпысбаев Х.А. Неолитическая стоянка в пещере Караунгур. // Изв. АН Каз ССР. Сер. обществ., 1969, №2, С. 85-87.
7. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана. Учебное пособие для студентов исторических факультетов вузов. – Алматы, 1993., 362 с.
8. Петрин В.Т., Таймагамбетов Ж.К. Комплексы палеолитической стоянки Шульбинка из верхнего Прииртышья. – Алматы, 2000, – 167 с.
9. Сыздыкова А.М. Ертістің Павлодар өңіріндегі археологиялық ескерткіштер. – Павлодар, – 27 б.
10. Калыш А.Б. Историческое краеведение Казахстана. 2017.
11. Қартабаева, Е.Т., Мырзабекова, Р.С. Ежелгі дүние тарихы 2014. РМЭБ.

Қосымша әдебиеттер:

1. Нысанбаев Н.Ә., Нұрмұратов С.Е., ТҒыбитов Х. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) : Монография. 1-том :Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір 2014. РМЭБ
2. Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: Рауан, 2018.
3. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.

WEB-сайттар тізімі:

1. <http://e-history.kz/kz>
2. https://vk.com/history_qaz